



МАХАМБЕТИ

Екі актілі, төрт көріністі драма

Қатысушылар:

Махамбет
Жанкісі
Қарауылқожа
Жәңгір
Баймағамбет
Шомбал
Сарбөпе
Сатай
Фатима
Жігіттер, шабармандар,
ауыл адамдары



I –АКТ

I көрініс

Жайбарақат жатқан ауыл, сахна сыртынан:

- Нұрыш-әй, сиырыңды сауып болдың ба?..

- Райхан, біздің қара қашардың қалай қарай кеткенін көрген жоқсың ба?

- Әй, Кәлима, тұрсаңшы, малыңды өргізбейсің бе?

- Борсан-әй, жайқалмай болсаңшы...

- Қашанғы жатасың найқалып? – деген күнделікті сөздер естіліп жатады, шапқан аттың дүбірі естіледі, қамшыларын білемдеп екі шабарман шығады.

I-ШАБАРМАН: Мына ауыл әлі көшпей жайбарақат жатыр ғой...

2-ШАБАРМАН: Басына қамшы тимей көшкен ауылды көргенін бар ма?

I-ШАБАРМАН: Бұлар солай, жақсылықты білмейді, кәзір өзім барып әкелерін танытайын, қалай көшпес екен. (кетеді, сахна сырты айқай-шу).

- Ойбай, не дейді?..

- Бұл не маскара?..

- Мынау қайдан шыққан пәле?..

- Мұндайды кім естіп-көрген?..

- Әй, тірілей өлтіремісің?.. – деген дауыстар естіледі, бас паналап әрі-бері жүгірген қатын-қалаш, кемпір-шал көрінеді, ауыл абыр-сабыр болып жатады, бір шеттен сақалын сипалап Жанкісі шығады, шабарманды көріп қасына келеді.

ЖАНКІСІ: Балам, аманбысың, бұл не айқай, не болып жатыр?

ШАБАРМАН: Не айқай деген не сөз, осы күнге дейін көшіп болмай есек тағалап жатсындар ма, бұл не бейбастақтық?

ЖАНКІСІ: Ел тыныш, заман тынышта ел қайда көшеді?

ШАБАРМАН: Ел тыныш емес, солай, көш деген соң көшіндер, қазір барыңыз да үйіңізді жығыңыз, барыңыз, барыңыз, сенімен салғыласып тұратын уақыт жоқ, кәзір мырзаның өзі келеді, көзіне түсіп қалмай, соған дейін көшіп болындар, қараларың көрінбесін, әйтпесе жаман болады.

ЖАНКІСІ: Мырзаң кім келетін?

ШАБАРМАН: Мырза кім деген не сөз, Қарауылқожадан басқа мырза дейтін кімің бар еді?

ЖАНКІСІ: Келсін онда, соның өзімен сөйлеспей көшпейміз (шапанының етегін жинап отырады)

ШАБАРМАН: Сен шал неге отырдың, тұр, басыңа қамшы тимей тұрғанда (қамшысын икемдейді) бар да үйінді жығып, тайып тұр.

ЖАНКІСІ: (қатуланып) Балам, әкеңдей кісіге әкіреңдеме, көргенсізденбе, кімнің баласысың өзің, әкең бар ма, әлде әкесіз өскен бейбастақ біреумісің, аулақ жүр.

ШАБАРМАН: Аулақ жүрудің сыбағасы мынау болады (қамшысын сілтей бергенде Жанкісі қамшысын тартып қалады, шабарман жалп ете түседі, осы кезде қолдарында көсеу, оқтауы бар үш-төрт әйел шабарманды қуалап шығады).

- Иттің асыраған баласы...

- Еркегі жоқ ауыл деп басынасындар ма?...

- Көрсетейік біз саған еркегі жоқты...

ШАБАРМАН: Мына қатындар не істейді-әй, еркекке қарсы қол жұмсайтын қайдан шыққан албастылар...

- Біз албасты емес, қатындармен арбасып жүрген өзін албастысың...

- Немене, бөрік кидім деп қоқырандаймысың? Көрсетейін мен саған бөрік кигенді (шабарманның басындағы бөрікті жұлып алады) саған қор болып жүргенше далада жатсын, түкірдім сенің бөркіңе (түкіріп, лақтырып жібереді, шабарман бөркін іздеп кетеді, әйелдер оны қуалап кетеді, осы кезде Қарауылқожа келеді)

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Мына ауыл әлі көшпеген бе, бұл не бүлік?

ШАБАРМАН: Көшпейміз деп әлек салып, қол жұмсап, қарсыласып жатыр.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Кім?

ШАБАРМАН: Алдымен мына отырған қақбас...

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Бұл қайдан шыққан әулие?

ЖАНКІСІ: Әй, Қарауыл, әулие болмаса сөйлеспейсің бе, маңдайдағы көзің төбеңе біткен бе, амандық жоқ, саулық жоқ, бұл қай қылығың?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: (жалт қарап) Жәкеңбісіз, бұл ауылда қайдан жүрсіз? (шабарман сытылып кетеді)

ЖАНКІСІ: Бұл ауылмен, Себек-Берішпен құдалығым бар емес

пе, кеше келгенмін.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: сіздің де құда болмайтын жеріңіз жоқ екен.

ЖАНКІСІ: Құда болмайтындай бұл ауылдың несі бар?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Сіз арғы атасы ел билеген Ноғайлысыз, бұлардай бұралқы емес, ақ сүйексіз, сөйте тұра сүйегі асыл төре-қожалармен құда болмай, қайдағы қағынды-соғындылармен құда боласыз, бұл сүйекке дақ түсірмей ме?

ЖАНКІСІ: Біреуді ақ сүйек, біреуді қара сүйек деп алалама, Қарауыл, онекі ата Байұлының ішінде жеті баулы Беріш құлашы кең іргелі ауыл. Жәңгірдің атасы Нұралы ханға енші бөліп берген ел, бұлар да өзің сияқты Алланың жаратқан пендесі (жерге қарап) мына тіршілік қамында қыбырлап жүрген құмырсқа да Алланың жаратқаны, адам түгіл бұларға да орынсыз қол жұмсап, аяққа басуға болмайды.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Алланың жаратқаны екен деп қыбырлағанның бәрін басқа шығаруға болмайды. Жәке, бұл ауылда бала-шаға, қатын-қалаштан басқа еті тірі жан көрінбейді, еркектері қайда кеткен, жер жұтып кеткен бе?

ЖАНКІСІ: Жер жұтудан аман, құдайым, жер жұтқаннан сақтасын, жер жұтатын болса мынау төре-қожа, мынау қара деп қарамас, бәрімізді де жұтып кетер.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Құдай да жұтатынын жұтады, жұтпаса қайда кетті бұл ауылдың адамдары?

ЖАНКІСІ: Алдыңғы күні шай-секер, қатын-қалашқа киімдік кездеме аламыз деп Жайық бойындағы орыстарға кетіпті, бүгін-ертеңдер келіп қалар, мына бала-шаға, қатын-қалашқа қырғидай тимей солар келгенше күте тұрындар...

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Оған уақыт жоқ (шабармандарына) үйлерін жығындар, жықпаса өртеңдер, неде болса бүгін көшіп болсын, барындар...

ЖАНКІСІ: Қарауыл, тоқтат бұл әмірінді, сен түгіл, әкең Бабажан да менің алдыма шығып, сөзімді тастаған емес, оны көзің көрді ғой, сен содан артықпысың, тоқтат, (Қарауыл шабармандарына белгі береді, олар тоқтайды) ел бар жерде олардың ақылдасар үлкені, ақсақалдары болады, не өздері қалап қойған болыс-старшындары бар, ел билігі соларда, жәй жатқан бала-шаға, қатын-қалаштың зәресін алмай, алдымен солармен сөйлесіп, мәмілеге келмейсіндер ме, мұныңды дұрыстыққа санай алмай отырмын.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Бұл елдің дұрыс ақсақалы, есті адамдары бар деп отырмысыз? Бірдеңе десең Исекең біледі, сонымен ақылдасып көрелік деп алдарына Исатайды салады, өздерінде ерік жоқ, сол да жөн білгендік болып па?

ЖАНКІСІ: Олары да дұрыс болар, бір ел болған соң жан-жақтан даурықпай, бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, ақылдасып шешкен жөн емес пе, олары ақылдылық, Исатай ел ағасы, оның несі айып?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Исатай ел ағасы дейсіз, ол да ақылды болып па, қисық сөйлеп, қыңыр жүретін қырсық емес пе, оның қай жерінен түзулік таптыңыз?

ЖАНКІСІ: Олай оғаш сөйлеме, Қарауыл, бір ел түгіл, бүкіл халық Исатайға ден қоймай ма, Исатайдың қай жерде қисық кеткенін көрдің, басқа түгіл, ханың да Исатайдың сөзіне тоқтайтынын білмейсің бе?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Бірақ, сол Исатайың соңғы кезде жел ауыз есірме Махамбетке жол беріп жүр емес пе, ақылдасып, сөйлесейін десең алдына Махамбетті салып, Махамбетшіл болып алыпты, сол да жөн болып па?

ЖАНКІСІ: Оның не айыбы бар, келісіп пішкен тон келте болмас дегенді естіген жоқ па едің?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Тапқан екен кеңесер адамды, Махамбеттің Исатайдан да асқан қыңыр, қисық, оған қарағанда қайта Исатай икемге келеді, ал Махамбеттің аузынан жөнді сөз шықпайды, Қарауыл... Қарауыл... Қарауыл деген қай ауыл... деп ыржақтап қалжыңдасқысы келеді, теңін білмейтін тексіз келімсек емес пе, есуас ит... (осы кезде балалардың: - “алақай... алақай... батыр ағам келді... батыр ағам келді” деген дауыстары естіледі. Қарауыл селк ете түсіп, теріс қарап тұрады, Жанкісі орнынан тұрады, Махамбет келеді)

МАХАМБЕТ: Ассалаумағалейкум, Жәке, мынау не бүлік, не сойқан?

ЖАНКІСІ: Аманбысың, Махамбет, не бүлік, не сойқан екенін өзім де біліп тұрғаным жоқ.

МАХАМБЕТ: Мына теріс қарап тұрғаның кім?

ЖАНКІСІ: Кім болсын, Қарауылқожа-дағы.

МАХАМБЕТ: Қарауылқожа? ..әй, Қарауыл, ар жағында адам жоқ, бері қара.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: (бұрылып) ал, қарадық, адам көрмей

жүрген болсаң?

МАХАМБЕТ: Адам көрмей теріс қарап тұрған мен емес, сен, елмісің, жаумысың?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Ел деп келіп едім, жаулықты сенің еліңнен көріп тұрмын.

МАХАМБЕТ: Жаулық бұл елден емес, алдымен өзіннен шығып жүрген болар, бұл ел сенің жерің емес, қалай келіп, не іздеп жүрсің?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Әй, Махамбет, бұл ел сенің жерің емес, қалай келіп, не іздеп жүрсің деген не сөз, ел кімдікі, жер кімдікі, алдымен соны зерделеп алмайсың ба, есің болса?

МАХАМБЕТ: Әзірге есім дұрыс, ел хандікі, жер халықтікі, соны білмейсің бе?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Білемін, сенен артық білмесем, кем білмеймін, қайта өзің білмей, білмейтін жерге килігеді екенсің.

МАХАМБЕТ* білмейтініміз көп қой, білсең айтшы, қызыңды тыққылап, ата болып, ханмен қойындасып кеттің ғой.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: (Махамбетке алара қарап) Елді кім билесе жер де соныкі, буынсыз жерге пышақ сілтеме, мерт боласың, жер хандыкі болған соң, біз ханның қызметшісі болған соң қайда жүрсек те өз еркіміз, орынсыз жерге кимелеп кірікпе.

МАХАМБЕТ: Қарауылқожа, абайламай сөйлеп, басқа жақтан келгенінді білдіріп, артыңды ашып алдың-ау, қара халыққа хан ие, қара жерге халық ие деген әлімсақтан айтылып келе жатқан хан да, қара да тоқтайтын аталы сөз бар, солай емес пе, Жәке?

ЖАНКІСІ: Солайы солай ғой, оған кімнің таласы бар?

МАХАМБЕТ: Мына қожаныз оны білмейді екен, білмеген соң килікпейтін жерге өзі кіріп кетіп жүр екен, бәсе, мана хабар барғанда, бұл Қарауылқожадан келіп жүрген пәле болмасын деп өзім де ойлап едім, солай болды да шықты.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Менің сендермен салғыласып тұратын уақытым жоқ, кешке дейін көшіп болыңдар, жарлық солай!

МАХАМБЕТ: Кімнің жарлығы?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Ханнан басқа кімнің жарлығы болушы еді?

МАХАМБЕТ: Сонда ханыңыз не дейді?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Бұдан былай бұл жерге Шыман төре қожа болады.

МАХАМБЕТ: Шыман төре ме? Әлде сендер ханның құйрығын иіскелеп, табанын жалағандардың бәрін төре дейсіңдер ме?

(Қарауыл үндемейді) Сені де төре дейміз бе? Сен өз жеріне симай, қашып келген сарт емеспісің, әлде атасын жасырып жүрген алаяқпысың? (Қарауыл үндемейді, қамшысын білемдей береді), сонда Шыман келіп, бұл жерге не істейді, өз жерінен жеріп келгенде шошқа тағалай ма, әлде жаңа жерден көр қазып, әкесін көме ме?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Тіл өзімдікі деп артық кетпе Махамбет, хан адамына тіл тигізбе, ол сендердей мал бағып жерді бүлдірмейді, боқ сасытпайды, егін егеді, тал отырғызып, орман-тоғай жасайды, жұпар иісін шығарады, бұл жер ханның, жоғарыдан келетін ұлықтардың көңіл көтеріп, аң аулайтын қорығы болады.

МАХАМБЕТ: Оған Қиғаш бойындағы сенің жерің қолайлы емес пе?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Ханның қалағаны осы жер!

МАХАМБЕТ: Қарауыл, мен білмейтін сенің сырың жоқ, бетіңнің секпілі қанша болса сонша құлығың бар, хан бұл жақта болып, бұл жерді көрген емес, өз жерінді қызғанып, бұл жерді ханға тықпалап жүрген сен, (Қарауыл қипақтайды) қипақтама, шыныңды айт, сонда мына қаптаған ел қайда барып паналайды?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Қалың құмға көшеді, сонда паналайды?

МАХАМБЕТ: Құмнан топырақ қаба ма?

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Құмның құмаршығы бар емес пе? Сол малына да, өздеріне де азық болады, ата-бабасынан бері құмаршық жеп үйренген ел емес пе, сол күндерін көреді, аштан өліп, көштен қалмайды.

МАХАМБЕТ: (қатуланып) Олай болса ханыңа сәлем айт, бұл жер ешкімге берілмейді, ел ешқайда көшпейді, жарлық солай!

ҚАРАУЫЛҚОЖА: бұл кімнің жарлығы?

МАХАМБЕТ: Елдің, халықтың жарлығы.

ҚАРАУЫЛҚОЖА: Сендермен әскер әкеліп, әлектеріңді шығарып сөйлеспесе жәй сөзге түсінбейді екенсіңдер (кетуге ыңғайланады)

МАХАМБЕТ: Қарауыл, тоқта, сен әскер әкеліп, әлегімізді шығарғанша мен сенің әлегінді шығарайын, (қамшымен тартып-тартып жібереді, Қарауыл бұғып отырып қалады, шабармандар мен Махамбеттің жігіттері шарпысып қалады).

ЖАНКІСІ: Махамбет, тоқта, жігіттерді тоқтат, бұларың не, елдің зәресін аласыңдар ғой, (Махамбет тоқтайды, жігіттер де, шабармандар да тоқтайды).

МАХАМБЕТ: (Қарауылқожаға) осы тойғаныңмен бар, ел

көшпейді деп ханыңа айта бар, (шабармандар есеңкіреп қалған Қарауылды ептеп тұрғызады, кетуге беттейді) жігіттер, аттарын бермендер, жылқыға қосып жіберіндер, жаяу жүрген біреу кездесе солар мініп кетер, келді өз аяғы, кетті өз аяғы, көрсін, жазықсыз елге ұрынғанның арты не боларын (Қарауылқожалар кетеді).

ЖАНКІСІ: Мынауың ұят болды ғой, Махамбет, арсыз да болса елші емес пе, елшіге қол жұмсалмайтын еді ғой?

МАХАМБЕТ: Жәке, бұл жәй елші емес, екі араны ушықтырайын деп әдейі жаулық іздеп келген жаушы, мен де өлер жерімді білетін сияқтымын, жаушыға сол керек, екіншілей еліріп келмейтін болады, бұлар бұққан сайын сұққылап, еркінсіп жаман үйреніп барады, әлгіндей етіп, екпінін басып, ел екенінді білдіріп қойғанның зияны жоқ, соны алдымен Қарауылдай шортандарына білдіріп қою керек, бәрін бүлдіретін, ханды азғыратын осындай жандайшаптар, бұдан былай санап басып, санап сөйлейтін болады.

ЖАНКІСІ: Ертең мұны хан білсе не айтады?

МАХАМБЕТ: Ештеңе де айтпайды.

ЖАНКІСІ: Неге?

МАХАМБЕТ: Хан мұны білмейді.

ЖАНКІСІ: Қалайша білмейді, Қарауылқожа айтпай ма?

МАХАМБЕТ: Айтпайды, (күліп) елден таяқ жедім, атымнан айырылдым деп қалай айтады, өзіңе де, естіген елге де ұят емес пе, күлкі етпей ме?

ЖАНКІСІ: Әй, білмеймін, Қарауылда ұят бар дегенге сенбеймін.

МАХАМБЕТ: Жәке, көрерсіз де тұрарсыз, менің осы айтқаным келмесе, екіншілей менің сөзімді тыңдамаңыз, (жерге көзі түсіп кетіп) қожаның камшысы қалып қойыпты ғой, сізге бұйырған шығар, сабын жағалай күмістеп тастаған ба?! (қамшыны алып) мынаның өзі бір қаралық қой, алыңыз (Жанкісіге ұсынады).

ЖАНКІСІ: Алла сақтасын, өзі де, қамшысы да құрысын, алмаймын.

МАХАМБЕТ: Жәке, алыңыз... алыңыз, бір кездескенде өзіңе берерсіз, мұны көргенде қожа сізге екіншілей тіл қатпайтын болады, (Жанкісі алады, мына жерде біреу жатыр,- дегенді естіп, Махамбеттің екі жігіті барады).

1-ЖІГІТ: Мынау манағы мен түртіп қалған шабарман ғой, қолым тиді ме, тимеді ме білмеймін, сүйегі жоқ адамдай былқ етті де сылқ етіп құлай кетті, мен де біреуді ұрып жыққандай

көтеріліп қалдым.

2-ЖІГІТ: Біреу үшін босқа өлсін бе, жан сауғалап, дұрыс еткен, қарашы тірі ме екен?

1-ЖІГІТ: (әр жерін тындап) Мұрыны ма. Аузы ма білмеймін, бір жері пысылдайды.

2-ЖІГІТ: Онда тірі болды ғой, бұл да қатын алып, бала таптыра ма екен?

1-ЖІГІТ: Бұған тиген қатынның кіндігі жібіп, қағанағы қанамас.

ЖАНКІСІ: Тірі ме екен?

2-ЖІГІТ: Тірі.

МАХАМБЕТ: Аузына ақ тамызып, жолға апарып тастандар, есін жиған соң елін табар, екіншілей бұл жаққа келмейтін болады (жігіттер сүйреп алып кетеді).

- Ойбай, не болды?

- Бұл не маскара?

- Жан аман ба, бала-шаға аман ба?

- Құдайға шүкір, Махамбет осында екен – деген дауыстар естіледі, базаршылар келіп, Жанкісі мен Махамбеттің жанына жинала бастайды.

- Ойпырмай, айтсандаршы, не болды?

ЖАНКІСІ: Қарауылқожа келіп, елді көшіреміз деп біраз әлек салды, бірақ, Махамбет келіп, көшпейміз деп қайтарып жіберді.

- Дұрыс болған, көшпейміз!

- Көшкенде қайда барамыз?

- Өз жеріміз, өліспей бермейміз!

- Ата-баба аруағын қорлатпаймыз, жаттың табанына бастырмаймыз!

- Баста Махамбет, ханның өзіне барамыз!

- Қанға қан, жанға жан!

- Қашанғы бұға береміз!

МАХАМБЕТ: (қолын көтеріп) Сабыр етiндер, найзаны саптап, қылышты баптап, садақты сайлап, атқа қонындар, енді шегiнер жер қалған жоқ, тарттық Исатайға!

II-көрініс

Хан сарайы, Жәңгірдің оң жағында Баймағамбет, Жанкісі, сол жағында Шомбал отыр.

ЖӘҢГІР: Жағдай осылай, не айтасыздар, қандай ақыл бересіздер?

БАЙМАҒАМБЕТ: Не айтатыны бар, асқынбай тұрғанда алысқа апармай, әскер алдырып, аластау керек.

ЖАНКІСІ: Әй, Баймағамбет, хан бізден арбасып алысуды емес, тіл тауып табысуды айтсын деп отырған жоқ па, хақ сөйлеп ақ жолын айтпайсың ба? Мына сөзің екі жақты табыстыру емес, шабыстыру ғой.

ШОМБАЛ: Ақсақал, сол Исатай алқынып-жұлқынғандай, салмақтанып сес көрсеткендей неден кенде қалып отыр? Малы маңында, жаны жанында, қонысы мен өрісі бізден асып түспесе кем емес, бес мың үйлі Берішті бір өзі билеп-төстеп отыр, алдына шығар адам жоқ, жерге симай, көкке ұшып кетем демесе неден тарығады, неден зарығады, Баймағамбет сұлтан дұрыс айтады, асқақтатпау керек, талтаңдатпау керек.

БАЙМАҒАМБЕТ: Семіздікті қой көтереді демеі ме, семіздіктен секіріп, , тойғандықтан кекіріп, тұлыбына симай, жарылып бара жатқан болар.

ШОМБАЛ: Семіз қойдың барар жері қара қазан емес пе?

ЖАНКІСІ: (қолына қамшысын алып, алдына қойып) Әй, Шомбал-ай, сен де алды-артыңды абайламай, ақкөт торғайша ұшып-қонып отырасың-ау, өзін-өзі білмеген кісі өзгені қайдан білсін деп бұрынғылар біліп айтқан ғой, сен кім, Исатай кім? Сен ұшарыңды жел, қонарыңды сай білетін қалбақтаған қаңбақсың, ал, Исатай елдің бетке ұстар беделі, алға ұстар арысы емес пе? Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса, қоңқалаған көп жаман сол жақсыны көре алмас, ал жаманның басына қиын-қыстау іс түссе, бағанағы жақсыны қос атпен іздеп таба алмас деп бұрынғылар білмей айтқан ба? Бұл айтып отырғаның достығың ба, дұшпандығың ба?

ШОМБАЛ: (өз басынан сөзді басқа жаққа аударғысы келіп), Жәке, қолыңыздағы қамшы кімдікі, бері беріңізші (Жанкісі береді) мынау Қарауылқожаның қамшысы ғой, мұны қайдан алып жүрсіз?

ЖАНКІСІ: Жолдан тауып алдым.

ЖӘҢГІР: (Шомбалға) Кәні, маған беріңізші, (Шомбал береді) я, сол кісінікі... менде бола тұрсын, бір келгенде алар.

БАЙМАҒАМБЕТ: Қожа демекші, өзі қайда жүр, әлде шақырылмады ма?

ЖӘҢГІР: Шақырылды, аң аулап, қасқыр қуып жүргенде аты мертiгiп, етi ауырған ба, жатып қалыпты (Жанкісі күледі)

ШОМБАЛ: Несіне күлесіз, жазым болайын десе аяқ астында емес пе!

ЖАНКІСІ: Аттан құлап жатып қалыпты дегенге күлем де.

ЖӘҢГІР: Қамшысы сонда түсіп қалған ғой.

ШОМБАЛ: Атқа обал болған екен, жануар алдына жан салмайтын құла айғырдың тұқымы еді, енді міністен қалып қор болады-ау.

ЖӘҢГІР: Қарекен жылқыны қор қылатын ба еді, мініске жарамайтын болған соң сойдырып, өздерің баққан мал ғой деп малшыларына бөліп беріпті.

ШОМБАЛ: Әнекей, Қарекен сүйтеді, жан-жағына қайырымды адам ғой.

ЖӘҢГІР: Бұл сөзді қойып, әңгімемізге көшелік, жаңа Жәкен дұрыс айтты, әріге бармай, беріден жол табалық.

БАЙМАҒАМБЕТ: Әріге бармай, беріден табарымыз, қол қусырып, құшақ жаярымыз, құлдық ұрып, бас изеріміз, тірелр жеріміз сонда хан болмай Исатай болғаны ма?

ШОМБАЛ: Соның қолтығына су бүркіп, сөзін сөйлеп, әулие тұтып, қолпаштап жүрген Беріштің асыранды құлы, қаңғырған қызылбас Махамбет, ол сіздің құзырыңыздан қалай шығып кетіп жүр, алдияр тақсыр, хан ием? (Жәңгір үндемейді, ой үстінде отыр).

БАЙМАҒАМБЕТ: Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас дегендей құлдың аты қайда барса да құл, оны аяққа басып жаншып тастау қиын емес.

ЖӘҢГІР: Қайтіп?

БАЙМАҒАМБЕТ: Махамбет Исатайдай Беріштің бел баласы емес, Шомбал айтқандай қаңғырма, қағынды емес пе? Көзге айтуға бата алмай, сыртымыздан ғайбаттап, пәле жауып, жұртты азғырып, бүрліктіріп жүрген сол, ал Исатай соған сенеді, (Жанкісі күледі) ақсақал неге күлесіз?

ЖАНКІСІ: Махамбет сырттан сөз айтады дегенге кім шанады, соған күлемін.

БАЙМАҒАМБЕТ: Күліңіз, күліңіз, шаруаңыз түгел болған соң, әрине, күлесіз, (Жәңгірге қарап) елді азғырып жүрген осы жауыздықтарын протоколдап, әкесі Өтемістей түрменің түбінде шіріту керек, әкеңіз Бөкей бір пәледен солай құтылған, бұл бұзылған Махамбет сол әкесінің кегін қуып жүр.

ЖӘҢГІР: Олай деп тайыздан ойлама, сұлтаным, елге Махамбеттің өзінен гөрі сөзі қымбат, от ауызды, орақ тісті орма емес пе? Ол біздердей мылқау емес, тіліп түсер тілі бар, ойып түсер ойы бар, өзін жойғанмен сөзін қалай жоясың? Еділ мен Жайықтың арасына тарап кеткен сөзді қай күдірет жояды? Оған құдайыңның да күдіреті жетпейді, бірме-бірге келгенде ел бізді емес, Махамбетті тыңдайды, Махамбет тамыры тереңге кетіп бара жатқан мықты, ол құдайыңды да тыңдамайды, тірелер жері біреу ғана, ол – Исатай!

ШОМБАЛ: Сол қысыр сөзді қызылкөз пәлеңді маған бір кездестірші (Жанкісі күледі) ақсақал неге күлесіз?

ЖАНКІСІ: Қыдыр сөзді Махамбетті қысыр сөзді дегеніне күлемін, әйтпесе мені күлкі қысып отыр деп епе едің? (Махамбет кіріп келеді, бұлар сасыңқырап қалады)

МАХАМБЕТ: Ассалаумағалейкум, игі жақсылар (ешкім үндемейді).

ШОМБАЛ: Әй, Махамбет, хан ордасына лұқсатсыз, сұраусыз кіріп кететін сен төремісің, әлде қожамысың, құлақ кесті құл, келімсек емеспісің, қолы көтере алмайтын шоқпарды беліне байлайды дегендей мына келісің қай келіс? (өзінше мұқатқандай болып бәлсінеді).

МАХАМБЕТ: Әй, Шомбал, жәйіне жатқан шоттың сабын бастың, өз обалың өзіңе, мен құлақ кесті құл, келімсек болайын, сен өзің кімсің, білмесең айтайын...

ШОМБАЛ: Қимаң қышып, сөз естиін деп келген боларсың, білсең айта ғой, біз де қара жаяу емеспіз.

МАХАМБЕТ: Әй, Шомбал, сен алысқа бара алмай, орта жолда шошаң ете түсетін Шомбалсың ғой, дым білмейтін домбалсың ғой, арғы нәсілің Орауыл, Орауылдан қашқан он ауыл, арбасының ізі осы күнге дейін жосылған, Байұлына келіп қосылған кірмесін ғой, атаңды сенің білемін, бірсудің қойын

баққан күл еді, анаңды сенін білемін, тезек терген күн еді, солардан туған Шомбалды, хан құйрығын иіскелеп, биі болды деп еді, құдай бақ берген соң, ханның жанына жақындап, асыранды иттей сарқытын ішіп отырсың, ана отырған Жәңгір хан нәсілін оның сұрасаң қарағаш, қарағаштан келген жалаңаш, құдай қалап бақ берген, астына отырар тақ берген, анау отырған Баймағамбет, түп қазығы төбет, табанға салатын ұлтанға жарамайтын неме қара қазақты сағалап сұлтан болып отыр, естиің дегенің осы ма еді?

ЖӘҢГІР: Әй, Шомбал, өлер жерінді білмейсің, кім саған сөз берді, орақ тілді Махамбет саған шаужайынан шалдырып, алқымынан алдырып, жалынан шайнатады деп пе едің, өзінмен қоймай, бізді де ілдіріп кеттің, жайына қарап отыр, Махамбет, кош келдің, қалаған жеріңе отыр.

МАХАМБЕТ: Хан елмен кісі, қатын ермен кісі, былай отыр, әкең салған үй емес, халықтың салған үйі (Шомбалды бғыстырып, ханның жанына отырады).

ЖӘҢГІР: Махамбет, қатулысың ғой, ақынға қатулық жараса ма?

МАХАМБЕТ: Келмей жатып айбаты бар төбет емес, есігіннің алдындағы қыңсылаған күшігіңе балағымнан тарттырып қатулы еткен өзіңіз, хан ием.

ЖАНКІСІ: Айналайын, Махамбет, үй-ішін, ауыл-аймағын аман ба?

МАХАМБЕТ: (жалт қарап) А, Жәкеңбісіз, келмей жатып, даудалабайға түсіп, байқамай қалыппын, кешіріңіз, ел іші, ауыл-аймақ аман, өзіңіз де аман-сау жүрсіз бе?

ЖАНКІСІ: рахмет, айналайын, шүкірміз.

МАХАМБЕТ: (ханға қарап) Жәй шақырттыңыз ба?

ЖӘҢГІР: Махамбет, талай жыл тең өсіп, тең жүріп, дәмдес болып едік, сыртымнан дөңайбат қылып, текеметімді тілгендей Әбілқайыр тұқымынан не жамандық көрдің? Құлмәлі атаң бір аяқ шалапқа көзін сүзіп, мойыны ырғайдай, биті торғайдай болып келгенде алдына мал, қойнына қыз салып, ел қатарына қосқан кім еді? Тайман тұқымы ма, әлде хан тұқымы ма? Әлде Исатайға еріп, есіңнен адастың ба? Әлде аштықта жеген құйқаның дәмін ұмыттың ба? Күндердің күні болғанда түйе жапырақтың көлеңкесіндей қырық құбылғаныңа жол болсын!

МАХАМБЕТ: Хан ием, өлгеннің жаманы жоқ, тірінің жаманнан аманы жоқ, атаң Әбілқайыр қарауындағы елді алакөз дұшпанынан қызғыштай қорғаған, елі үшін еңіреп туған нар еді, нардан айыр туды, айырдан қайырсыз туды, аз қазақты алалады, халқын қалтыратты, Тайманға тіл тигізбе, киесіне қаларсың, Исатай қарадан туса да хан болып туды, сен жылатқан елді ол жұбатса, несі айып?

БАЙМАҒАМБЕТ: Әй, Махамбет, осы сенің әкең кім болған, қай жақта қаңғырып өлді?

МАХАМБЕТ: Әй, Баймағамбет,
Өзен, өзен, өзен су,
Өзенді тастап көшкен ит.
Өзі болған жігіттің
Түп атасын сұраған ит.

Қырда құрақ, ойда бұлақ тұрғанда
Құба жоннан құдық қазған ит.
Алдымнан келсең оғымды,

Артымнан келсең боғымды жеген ит,- деп кім айтқан? Мұны сенің әкең Айшуақ емес, менің әкем Өтеміс айтқан, сенің әкең мұны айта алмайды, өйткені ол от басында, ошақ қасында қатынетек, үйкүшік болып өлген, менің әкем Өтеміс халқын қамдаймын деп қамауға түсіп қапыда кетті, атамның құлдығын не қыласың, өзіңнен өзім артық туғасын.

БАЙМАҒАМБЕТ: Тәубенді ұмытқан екенсің, Махамбет? Қанша секірсең де кіндігіңнен аспайсың, асқақ сөйлеп, шалқак жүрген қешегі Сырымның да сүйегі далада қалған, сен одан әулие болмассың?

ЖАНКІСІ: Әй, Баймағамбет, Сырымды қозғап қайтесің, сырыңды алдырмай тыныш отыр, атаң Нұралыны тақтан тайдырып, жер аударып, сүйегін шетте қалдырған Сырым емес пе? (Баймағамбет Жанкісіге жалт қарайды),

МАХАМБЕТ: Қайран Жанәкем-ай, Баймағамбет соны біледі дейсіз бе? Білсе, атасын айдалада қалдырып, бауыры Есім ханның басын алған Сырымға тиісе ме?

ЖАНКІСІ: Баймағамбет, тағы айтамын, қайталап айтамын, киелі жерге кіріспе, жарылайын деп тұрған жараны қасыма, қанатып аларсың...

ЖӘҢГІР: (қатулы) Баеке, күйрық өзіңіздікі болса қысып

отырыңыз. (Баймағамбет кинақтап қалады).

ЖАНКІСІ: Уыстарынан шығып бара жатса араға кісі салып, мәмлеге келгенді сендер көрмесендер де мен көрдім, түйенің өзі үлкен болғанмен құмалағы кіші болады, айбындарың қарқарадай болғанмен сөздеріңнен бірлік, істеріңнен ірілік көре алмай отырмын, еліңді қызын қойнына салған сартқа, өтірік күліп, өтірік жылайтын жандайшаптарға билетіп, бойынды жатқа үйретіп, болдық-толдық дейсіңдер ме?

МАХАМБЕТ: Жәңгір, мен көзін ашпай жатып шәуілдейтін күшіктеріңмен абаласуға келгенім жоқ, хан жарлығы екі болмас деп әдейі шақырған соң келдім, әрі өзімнің де айтар сөзім бар. (Жанкісіге қарап) Жәке, сізге айтып отырғаным жоқ, кешіріңіз, мыналарға айттып отырмын, (Жәңгірге қарап) кезек бересіз бе, әлде мыналармен абаластырып қоясыз ба?

ЖӘҢГІР: Айт, айт, Махамбет, лұқсат!

МАХАМБЕТ: Жәңгір, мына қылығыңды, елге істейтін орынсыз үстемдігіңді қоймасаң, итаршыларыңды тыймасаң басы бүтін жаулыққа көшер жайым бар, тұрысатын жеріңді айт, ертен ашынған елді аптатып, қалың қолды қаптатып орданды ортаға алғанда қапы қалдым деп жүрме.

БАЙМАҒАМБЕТ: Атасы айға шауып мерт болса да баласы арыстандық етпей қоймас деген сен болдың-ау, Махамбет, хан ордасын шабу кара қазаққа қайдан келіпті, көктегі құдайыңды ұмытсаң да жердегі құдайың - ақ патшаны ұмытпа!

ЖАНКІСІ: Ақ патша деп отырғаның орыс қой, сұлтаным, оның да құлақ асар адамы, жанашыр жақсысы бар шығар...

БАЙМАҒАМБЕТ: Кері жұтса мәкүрік, іркіп қалма айта түс.

ЖАНКІСІ: Әй, Баймағамбет, сөзімді іркігендей қалың беріп, қатын алайын деп отырған бозбала дейсің бе мені, орысқа арқа сүйейтін өзім деп ойлап қалма, сұлтаным, елдің де өз орысы бар шығар, естиін дегенің осы ма?

ЖӘҢГІР: Махамбет, бір сауалым бар...

МАХАМБЕТ: Айтыңыз, хан ием, құлағым сізде.

ЖӘҢГІР: Қалың қазаққа хан болсаң не істер едің, қыбыр таптырмас қабағын бағар ма едің, әлде бәтуәсі жоқ сыпсың-сыбырын бағар ма едің?

МАХАМБЕТ: Халкымды қамдар едім, Еділдің бойы ең тоғай, қоңсы-қопсыларды толтырмай, ел қондырар едім, жағалай жатқан сол елге мал толтырар едім, теңдікті малды бермес едім, теңдіксіз малға көнбес едім, аса жұртты меңгеріп, қара қазақ

баласын хан ұлына теңгерер едім, жерімді беріп, сатпас едім, кара бастың қамы үшін халқыңды жылатып, жеріңді саттым дегенің, елінді сатқаның, ол ертең жеріңе кіріп алған соң, құйыршықтарын алдырып, құрсағыңнан шалдырып, ел басқарып, бала-шағанды жұмсап құл етеді, баланды адам қылам деп еліне алып кетіп оқытады, өзіне бейімдеп үйретеді, одан шыққан бала ата мекенін, әдет-ғұрпын, тілі мен дінін ұмытады, еті үйреніп алған соң мынау менің сатып алған өз жерім деп басыңа әңгір таяқ ойнатады, ақсақалмен астас, батырмен бастас, данасымен достас болар едім, басы үйірілсе аяғы айналамнан асып қайда барады?

ЖӘҢГІР: Қайт райыңнан Махамбет, Еділ мен Жайық арасын қалмақ ауа көшкен соң иелікке сұрап алған кім? Өтеміс пе, әлде Бөкей ме?

МАХАМБЕТ: Менің әкем Өтеміс те емес, сенің әкең Бөкей де емес. Алты атанға қос артып, алты жыл қоныс қараған, қырында болар қазығы, суында болар балығы деп озалда бұл жерді Асанқайғы бабам қалаған. Содан қалған, кіндік кесіп, кір жуған ата мекен, ата қоныс, ал Асанқайғы бабамыз төре емес, кара қазақ болатын, сондықтан бұл жерді менікі деп, сенікі деп алалаудың керегі жоқ, оған көктегі тәңірімнің өзі куә.

ЖӘҢГІР: Өзің ішкен құдыққа түкірме, шүйгінді жайлауды сүзіп, құт-береке құм-шағылын кешіп жүргенің кімнің арқасы? Осы өңірге табаның тимесе кетер едің Қырымның қырына, Хиуаның ойына.

МАХАМБЕТ: Әріге кеттің-ау, Жәңгір, бірақ айтпасыма амал жоқ, бұл жерден жеті жұрт кетіп жол салған, талай қырғын соғыс болған, арғы атаң Шыңғыс та табан тіреп тұра алмаған, толарсақтан саз кешіп, қанжығадан қан кешіп, дұшпаныма көнбен деп, жерімді жауға бермен деп, түн қатып жүріп түс қашқан қарағай бойлы Қазтуған, Мұсаның ұлы ер Орақ, Жаңбыршыдан жалғыз Телағыс, Нәріктің ұлы ер Шора, Қараның ұлы Сидак, Күлектің ұлы Қартқожақ, Естерекұлы ер Тарғын, Қара Қыпшақ Қобыланды, Даттың ұлы Сырым семсерін сермеп, қанжарын қайрап, найзасын түйреп, қылышын қанға малдырған, кара басы кетсе де халқын да, жерін де азулыға алдырмаған, тағы да айтам, бұлар да төре емес еді, менің еркіндеп жүргенім, сенің қалтылдақ болсаң да хан болып отырғаның солардың арқасы, соларға ерген халықтың арқасы, жерің болмаса, халқың болмаса кімге хан болар едің, мұны неге ұмытасың?

ЖӘНГІР: Көзінді шел қаптап тасиын деген екенсің, Махамбет, насыбайыңды құндап, көк шөбінді бұлдап, кездеменді мақтап, тіліңді безеп, жаныңды кезеп базар жағалап Хиуада жүргеніңді көрер ме еді. Енді боларың болып, кемеліңе толған соң кекірігің азайын депті, есің болса ірге ажыратпа, старшындық Исатай екеуіңе аз нәсібе емес, бірің оңымнан, бірің солымнан тіреу болып тұрсаңдар өзгеге сыртүрей емес пе? Кешегі сыналап, келген келімсектер бүгінде сүйемдеп ішіме еніп барады, есіктен күле кіргенін қайтейін, күңіреніп шықса да көңілім жәй, тек төр менікі демесе болғаны. Тірліктің бес күндік қызығы мен шыжығы кімнің басынан өтпеген, кедірлігің мен содырлығың басыңа бақ болып қонбас, қара орманға қарсы шапқан оңбас, сені құртсам халықтың азасына қаламын, мені шапсаң сен ақ патшаның назасына қаласың, қайт, Махамбет, райдан, қайт!

МАХАМБЕТ: Жақсы айттың Жәңгір, өзгеден емес, өз аузыңнан естиін дегенім осы еді, енді шегініс жоқ, қалтылдақ хан болсаң да осы жолы шыныңды айттың, (орнынан тұрып) бірақ сен, Хан емессің қасқырсың,

Қара албасты басқырсың...

Хан емессің ылаңсың,

Қара шұбар жылансың,

Хан емессің, аянсың,

Айыр құйрық шаянсың! Қанжығада кездеселік, (қамшымен жерді тартып қалады, Шомбал қолымен басын сауғалайды, Махамбет тез басып, есік алдына барып, артына бұрылады) әй, Жәңгір, айтпады деме, Боз орданы тіктім деп,

Боз ағашты жықтым деп

Ханым, ханым дегенге

Көтере берме бұтыңды,

Кептіре берме ұртыңды,

Өзіңмен мықты жолықса

Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді.

Тәуекел хаққа бел байлап,

Қималы найза өңгеріп,

Бозбалаға жел беріп

Атқа мініп шыққанда

Хан ием, сонда

Көрермін сенің көтіңді (кетеді, отырғандар ханға қарайды, хан жерге қарайды, өлі сахна).

II – АКТ

III – көрініс

Сарбөпенің үйінде Махамбет, Сатай үшеуі қымыз ішіп, сусындап отыр.

САРБӨПЕ: Біз Баймағамбет сұлтанға боданбыз, ордадан жырақ, ханнан қашық жатқан елміз, бізге ол жақтың хабары сұлтаннан немесе ел аузынан үзіліп-созылып, өліп-талып әрең жетеді, бірі шын болса, бірі бәленше айтыпты-мыс дегендей өтірік-шыны аралас жетіп жатады, бірде орданы шауыпты, ханды тақтан тайдырыпты деп естідік, бірде жоқ олай емес екен, Исатай қолы жеңіліп, қалғаны Жайық өтіп, Тайсойған асыпты деп естідік, сіздерге қарсы үстімізден уылдап-шуылдап өткен патша әскерін көзімізбен көрдік, ар жағы бізге тұман, сөйтіп жүргенімізде азып-тозып қайтқан баяғы орыс әскерін тағы көрдік, ел іші гу-гу, гүрің-гүрің әңгіме, әркім әр саққа жүгіртеді, біреулер орыс әскері жеңіліп қайтыпты дейді, енді біреулер Исатай өліпті, Махамбет қашып құтылыпты деп гуілдейді, ақыры, міне, Ұзінді аман-есен көріп отырмыз, бұған да шүкіршілік, енді анық-қанығын өзің айтшы, орданы шаба алмай қалай қапыда қалдыңдар?

МАХАМБЕТ: Естігеніңіздің бәрі дұрыс, бірақ шыны да, жалғаны да бар, қалың қол болып орданы қамағанымыз рас, ханның зар илеп, аяққа жығылғаны да рас. Бүгін қан сонарға мінер күн,

Хандардың алтын тақтарын

Найзаға шауып ілер күн.

Хан есігі сом темір

Қылышпен кесіп кірер күн.

Жәңгір ханның ордасын

Талқан етіп тілер күн.

Хан баласы ылаң,

Қара шұбар жылан.

Құйрығын бастың басын шап

Әйтпесе, өзің шабыласың,- дегенімде Исатай көнбеді, хан сөзіне алданып қалды, әкелеп-көкелеп тілегі қабыл болған соң атаңа нәлет Жәңгір хан Орынбордан әскер алдырып, жолымыз

болмады, өзіміз шабындыға ұшырадық.

САРБӨПЕ: Біз Исатайды көргеніміз жоқ, көргендердің өзі айызынды қандырып, жетістіріп айта алмайды, аса ақылды, хас батыр деп сыртынан ғана естиміз, өзің айтшы, сондай айтулы адам ба?

МАХАМБЕТ: Исатай тірі жүргенде

Тауға біткен басты алдым.

Кеудеге біткен тасты алдым.

Қарсыласқан ханды алдым.

Кеудеден шыбын жанды алдым.

Исатайдан айрылып

Сарбөпе, Сатай нағашым

Далада жалғыз сандалдым.

САТАЙ: Қой, Махамбет, далада жалғыз сандалдым деп келмей жатып түңілме, түңілгеннің беті әрмен, елміз ғой, жұртпыз ғой, торғай да паналап аман қалатын бір топ бұта ғұрлы жоқпыз ба? Ел іші кең ғой, біреуге түстеніп, біреуге қона жатып дегендей етек-жеңіді жиярсың, хан да қаһарынан қайтар, қуғын-сүргін де тыйылар, ел болып тіл тауып табысармыз, сендей батыр ақынға таусыла сөйлеу, топ көрмей жатып тұнжырау жараспас, атаң Ағатайдың киесіне қаларсың, құдайыңа да шет болар, белінді бекіт, қайраттан, мұнан да жаманды көрдің ғой.

МАХАМБЕТ: Исатайдан айырылып

Көрдін бе көңілімнің қалғанын.

Басымды қара тасқа ұрсам да

Қараңғы көрге кіргенше

Бітпей кетер арманым.

Исатайды қайғылап

Сарбөпе, Сатай нағашым,

Алдарыңа келгенім.

Көңілімді бөлгенім.

Ажалдан бұрын өлгенім.

Жапан түзді қос еттім,

Жапалақ етін ас еттім.

Исатайдан айырылып

Көрінгенді дос еттім.

САРБӨПЕ: Тарықпа да түңілме, енді қандай ойың бар?

МАХАМБЕТ: Мен шарға ұстаған

Қара балта едім.

Шабуын таппай кетілдім,

Қайрасаң қайта жетілдім. (сыртта абыр-сабыр дауыстар шығады, Махамбет сақтана бастайды)

САРБӨПЕ: Сұлтан ел аралап жүр деп еді, сол болмасын, (Сатайға) барып білші, (Сатай кетеді, Махамбетке карап) қысылма, отыра бер, елміз ғой, жігіттер ауылда, Алланың жазғанын көріп алармыз, (өзі қымыз ішіп отырған ыдыстарды ығыстырып қояды, Баймағамбет келеді, Сарбөпе тұрады) алдияр тақсыр, сұлтаным, қош келдіңіз, жоғары шығыңыз.

БАЙМАҒАМБЕТ: (орнынан тұрмай отырған Махамбетті көріп) Мына қаңғыр қайдан жүр?

МАХАМБЕТ: Әй, Баймағамбет, ата салтын ұмыттың ба, босағаға берген сәлемің қайда?

БАЙМАҒАМБЕТ: (төрге шығып, Махамбеттен қашықтау отырады) Босағаға берер сәлемім болса да қаңғырға берер сәлемім жоқ.

МАХАМБЕТ: Сенен сәлем күтіп отырған мен де жоқ, сәлемсіз қал (Сатай қымыз құйып алдарына қояды).

САРБӨПЕ: Иә, ат-көлігіңіз аман жүрсіз бе, ел аралап шықты деп естігенмін, бірақ арнайы хабар болмаған соң біздің жаққа соқпайтын болар деп аңдаусыз қалып отырмыз, әйтпесе алдыңыздан шығып қарсы аламыз ғой, кешіріңіз.

БАЙМАҒАМБЕТ: Жорамалыңыз дұрыс, тарантасымыздың бір жерінен кілтипан шықты да, амалсыздан ауылыңа бұрылдым, (қымыз ішіп, Сарбөпеге карап) мына қаңғыр жиеншілеп жүр ме, әлде күйеушілеп жүр ме, Жем бойын жағалап жылу жинап жүр еді деп еді, мұнда қалай келіп қалған?

САТАЙ: Біз жетістіріп айта алмаспыз, Махамбеттің өзі айтсын.

БАЙМАҒАМБЕТ: Сөйле, қаңғырым! (Махамбет Баймағамбетке тесіле қарайды, Баймағамбет шыдай алмай төмен қарайды)

МАХАМБЕТ: Әй, Баймағамбет, қаңғыр деп тілің тигізбе, мені шамдандырма, мен шамдансам, өзің білесің, шалқамнан түсер асауым, шамырқансам шортамнан сынар болатпын, мені баяғы Махамбет деме, мен досқа да, дұшпанға да қаны қарайған адаммын, мен сендей басын жерден алмайтын жабыдан емес, тұлыбына сыймайтын тұлпардан туған тұяқпын, мен

шынжырлының сойымын, шиеленіспей басылман, алам десен айлаң көп, бірақ оңайлықпен алдырман, мен төбеге төнген қара бұлтпын, телегей жаумай ашылман, мен кескекті туған кесірімін, қаңғыр деп тіл тигізген көрер ем сенің көтінді, жығып салып аузыңа құяр едім өтінді, қаңғыр деп неге қорлайсың, Махамбет сынды жетімді?

БАЙМАҒАМБЕТ: Сен де қасымда жасағым жоқ жалғыздығымды біліп басынып отырсың ғой, тілің шығыңқыраған екен, осынша басынып сөйлейтіндей сен қаңғыр емей кім едің?

МАХАМБЕТ: Мен қаңғыр емес, бір кезде
Байтақта жатқан байлардың
Исатай тірі жүргенде
Малын шашқан мен едім.
Қаңғыр деп тілің тигіздің
Бір күні ордаңа кіріп барармын,
Ортаңа ойран салармын.
Жалғыз ұлың Искендір
Өз қолыммен бауыздап
Исатайдың жолына
Құрбандыққа шалармын.
Нарында қалған Жәңгірге
Көңілім толған ыза-кек!
Өздеріңдей хандарды
Қан майданда кездесіп
Өлтіре алмай мінекей
Күндердің күні болғанда
Көкірекке толды қайғы-дерт!

БАЙМАҒАМБЕТ: Әй, Махамбет, Исатайдың жауға алынарын, өзіңнің қаңғып жалғыз қаларыңды білмедің бе? Енді несіне Исатай деп зарлана бересің, енді сен қанша зарласаң да қайтып келер Исатай жоқ, мұндай боларың бар, ханмен неге жауластың, ненің бүлігіне ұшырадың?

МАХАМБЕТ: Ханы қарам болса елге бүлік, тәңірі қаһарланса жерге бүлік, Исатайдың жауға алынғаны, менің жалғыз қалғаным атаңа нәлет өздеріңдей хандардың елге салған бүлігі емес пе?

БАЙМАҒАМБЕТ: Әй, Махамбет, айналасы айшылық, көсіліп жатқан кең Нарынға сыймадың, жалпақ жатқан Жайыққа

сыймадың, малы түгіл адамы таптырмайтын Тайсойған мен Бүйректің қалың құмына сыймадың, жердің беті саған тар болды, енді аспанға ұшамысың?

МАХАМБЕТ: Мен жерге сыймай жүргенім жоқ, аспанды жаңбыр бермейді, жерді Жәңгір бермейді, Еділді қалмақ бермейді, Жайықты орыс бермейді, Нарынды қожа-төре бермейді, оны өздеріндей жауыздардың көзі көрмейді, қайтейін енді, керек десең көкке де қолым жетеді.

БАЙМАҒАМБЕТ: Тағы не айтасың, тартынбай айт!

МАХАМБЕТ: Әй, Баймағамбет, мен тартынайын деп отырғаным жоқ, түсінген кісіге біраз айтылды емес пе, өзің білесің, менің тілім екі айыр алмас қой, біреуі тіліп түссе ханмын деп қаһар қыларсың, мен жалғызбын деп қарап тұрмаспын, басыңды алармын, мен өлсем ештеңе етпес, өздеріндей хан өлсе ел басының дауы бітпес, мен аспандағы жұлдызбын, оған сенің қолың жетпес, сен мені жолымнан қалдырма! (тұруға ыңғайланады)

БАЙМАҒАМБЕТ: Хан жарлығы екі болмайды, тартынбай айт!

МАХАМБЕТ: (орнынан тұрып)

Мен, мен едім, мен едім,

Мен Нарында жүргенде

Еңіреген ер едім.

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.

Ерегескен дұшпанға

Қызыл сырлы жебе едім,

Азыққа етін жеп едім.

Хан баласы ақ сүйек

Ежелден табан андысқан

Ата дұшпан сен едің,

Ата жауың мен едім.

Ежелгі дұшпан ел болмас,

Етектең кесіп жең болмас.

Хан баласы ақсүйек

Бәйеке сұлтан сен болып

Сендей нар қоспақтың баласы

Оңаша жерде жолықсаң

Қайраңнан алған шабақтай

Қия соғып ас етсем

Тамағыма қылқаның кетер демес ем! (отырғандар “не болып кетер екен” дегендей қипақтайды, Баймағамбеттің өзі де секем алады)

БАЙМАҒАМБЕТ: Бұлай айтпаса ол Махамбет бола ма, оны көтермесем мен сұлтан болам ба, жарайсың Махамбет...(екі жігіт келеді)

І ЖІГІТ: Ассалаумағалейкум...

БАЙМАҒАМБЕТ: (Сарбөпеге жақтырмай қарап) Қонағы бар үйге лұқсат сұрамай баса көктеп кіріп келетін көргенсіздер қайдан жүреді, иесі жоқ ауылдың иті осырақ деген осы-ау...

2 ЖІГІТ: Махан келіп жатыр деген соң сәлемдесейік деп...

І ЖІГІТ: Бөтен қонақтың бар екенін білмей қалдық, кешіріңіз...

2 ЖІГІТ: (сыртқа қарап) Үйде бөтен қонақ бар екен, күте тұрыңыздар...(Баймағамбет ынғайсызданады)

МАХАМБЕТ: Көргенді ауылдың азаматтары осылай келеді, жоғары шығыңыздар! (жігіттер келіп отырады)

БАЙМАҒАМБЕТ: Махамбет, айтысып-алысып болған сияқтымыз, енді жөнге келелік...

МАХАМБЕТ: Жоқ, Баймағамбет, мен алысып болғаным жоқ, аламан айқас алда жатыр...(жұрт үнсіз).

І-ЖІГІТ: Ағалар, лұқсат болса бір ауыз сөз сұраймыз?

САРБӨПЕ: Лұқсат!

2-ЖІГІТ: (Махамбетке қарап) Маха, біз ауыл ақсақалдарының аманатын алып келіп отырмыз, сізге сәлем берумен бірге ауылға алып кетуге келіп отырмыз.

МАХАМБЕТ: Онда не отырыс бар, ақсақалдардан үлкен емеспіз ғой, жол ақысы жүру деген, кешеден бері бұл ауылдың сый-сияпатын көрдім, Сарбөпе, Сатай, құрметтеріңе көп рахмет, ал, Баймағамбет, үйде кездесіп жаның қалды, үйде отырғанды қолынан келсе, қатында өлтіреді, нағыз ерлер түзде кездеседі, түзде кездескенше, тарттық жігіттер! (Махамбеттер шығып кетеді, ат тұяғының дүбірі естіледі).

БАЙМАҒАМБЕТ: (Сатайға) Шығып қарашы, қалай кетті екен, бұл қаңғырға сенім бар ма, жол тосып жүрмесін (Сатай кетеді) уһ! Жайланып отыралықшы!

IV –көрініс

Фатима ханымның жазғы мекені, ханым қара киінген, Баймағамбет екеуі жүріп сөйлеседі.

БАЙМАҒАМБЕТ: Сонымен хандыққа кімді ұсындыңыз?

ФАТИМА: Мұрагері Сейіткерей тұрғанда басқа кімді ұсынады деп ойлайсыз?

БАЙМАҒАМБЕТ: Сейіткерей оқуда емес пе?

ФАТИМА: Оқуда болсашы, Жәңгір де оқуда жүргенде хан тағына мұрагер болған жоқ па?

БАЙМАҒАМБЕТ: Бірақ, Жәңгір оқуын бітіргенше Сығай хан болып отырды ғой, сол жора бар емес пе?

ФАТИМА: Сейіткерей оқуын бітіргенше хан тағында өзім отырам, солай деп жаздым.

БАЙМАҒАМБЕТ: Сіз әйел емессіз бе?

ФАТИМА: Әйел ел басқара алмайды деп кім айтты, сұлтаным?

БАЙМАҒАМБЕТ: Қайдан білейін, халық шоқыбелдеу көріп, жеңілдікке санап жүрмесе?

ФАТИМА: Заты әйел, түп тамыры қатын ғой деп күдіктенетін өзіңіз болмасаңыз, халқым олай ойламас.

БАЙМАҒАМБЕТ: Алла сақтасын, олай ойламаңыз, ханым!

ФАТИМА: Тіліңізбен майдалағанмен көмейіңіз байқалып қалды, сұлтаным, еркектер тұрғанда, хан нәсілі сұлтан өзім тұрғанда басқа кім лайықты деп ойлайтын боларсыз?

БАЙМАҒАМБЕТ: Ондай ойым болған емес, болмайды да.

ФАТИМА: Болған емес, болмайды да деп жалтақтама сұлтаным, жалтақтау хан нәсіліне жараспайды, (Баймағамбет қипақтап қалады, оны Фатима сезіп тұрады) әкесін өлтіріп баласы, ағасын өлтіріп інісі хан болу төре тұқымына жат қылық еместігін білесіз, менің көргенім де, білетінім де сізден көп болмаса кем емес, сіз қанша сұлтан болсаңыз да ақ патшаның алдын көрген жоқсың, ал мен қатын да болсам, көру былай тұрсын, өзімен биледім де, затым әйел демесеңіз менің не кемдігімді көрдіңіз?

БАЙМАҒАМБЕТ: Олай деменіз, ханым, туысымның топырағы суымай жатып ақ-адал көңіліме дақ салмаңыз.

ФАТИМА: Дақ салайын деп тұрғаным жақ, сөз келісі, ол да өзіңізден шығып кетті, заты әйел дейтін болсаңыз екінші

Екатерина елін қалай басқарды? Уәли дүния салғанда Айғаным елін қалай басқарғанын неге ұмытасыз? Әлде мені қазақ қызы емес, естек қызы санайсыз ба? (Баймағамбет үндемейді) Естек болсам да хан өзі сүйіп алды, басқа әйелдерінен артық көріп бағалады, алдыма шықпады, соны сезген басқа әйелдері еншілерін алып, бөлек кетті, ордада мен қалдым, ана жылдары Исатай мен Махамбет орданы қамағанда хан басқалармен емес, әйел де болсам менімен ақылдасты, құдайдан болды ма, әлде менің ақылымнан болды ма, орда шабылмай аман қалды, мұны неге ұмытасың, сұлтаным?

БАЙМАҒАМБЕТ: Жақсы, ханым, көндім, мұны енді қозғамалық, губернатор жауабы, патша жауабы неге кешігіп жатыр, сұрастырып, екінші рет жазған жоқсыз ба?

ФАТИМА: Міне, жана келдің, әңгіме осында жатыр, сұлтаным, шынын айтқанда мен мұны жақсылыққа жорып тұрғаным жоқ, сондықтан қайталап хат жазбадым.

БАЙМАҒАМБЕТ: (секем алып) Неге? Бірақ, жолаушының да, жауаптың да кешіккеніне қуан демей ме, тентектен тез хабар болатындай ол жақ асықпайтын шығар.

ФАТИМА: Мен бұдан қуанатындай нәрсе көріп тұрғаным жоқ.

БАЙМАҒАМБЕТ: Қалайша?

ФАТИМА: Солар хан тағайындау емес, хандықты таратып, елінді бөлшектеп, әр ауылға бір әкім қойып, бытыратып, өздері басқара ма деп сескежем.

БАЙМАҒАМБЕТ: Оның жолы әрмен, онда біз не күн көреміз?

ФАТИМА: Құдайдың салғанын көресіз, сұлтаным! (Баймағамбет ойланып қалады,- ассалаумағалейкум,- деп Махамбет кіріп келеді, Баймағамбет Фатимаға қарап кері шегінеді, Фатима сыр бермей тандана қарап тұрады)

МАХАМБЕТ: Адам көрмей аю көргендей неге шошыдыңдар?

ФАТИМА: Шошығанымыз жоқ, батыр, көктен түскендей тап болғаныңызға таң қалып дегендей...

МАХАМБЕТ: Оныңыз рас шығар, ханым, сендер мені көктен болмаса жерден күтпейсіңдер, бас ала келгенім жоқ, қорықпаңыздар, (бұлар естерін жинай бастайды) Фатима ханым, өзіңе келдім арнайы, Жәңгір дүния салыпты, тірісінде елді жылатып, қарғыс алып еді, енді сені жылатып кетіпті, көңіл

айта келдім.

ФАТИМА: (жадырап) Көңіл айта келсеңіз төрге шығыңыз...

БАЙМАҒАМБЕТ: Жәңгір ата жауың емес пе, көңіл айта келгеніңе жол болсын.

МАХАМБЕТ: Әй, Баймағамбет, қанша көрмейін десем де алдымнан шыға беретін болдың-ау, кең жер де емес, бойлай осындай тар жерде кездесесің, соған қарағанда сен де әкең сияқты ит өлімінде кететін боларсың, Жәңгірдің ата жауым болғаны рас, енді ол жау емес, өлгенмен жауласу төре тұқымы болмаса қара қазаққа жараспайды, ол ерлердің ісі емес, нәжіс ездердің ісі, ата жолын аттап аяққа баса алмадым.

ФАТИМА: Тұрып көңіл айтылмайды, дұға оқылмайды, отырыңыз, дәм татыңыз, батыр.

МАХАМБЕТ: Мен дұға оқуға келгенім жоқ, менің дұғам көзінің тірісінде баяғыда оқылған, жаралы жүрегіңе, қаралы көңіліңе жұбаныш айта келдім, аздап қымыз ішіп, сусындайын, сол дәм татқаным болсын.

ФАТИМА: Жүріңіз (Фатима екеуі келесі есікке қарай кетеді)

БАЙМАҒАМБЕТ: Осы қатын баяғыда Орынборда Махамбетпен көңілдес болып қалыпты деген сыпсың сөз рас болып жүрмесін, тым құлап барады, сақтану керек екен, әлде Орынборға ұлыққа түртіп жіберсем бе екен, олар да сезіктеніп бұл қатыннан сақтанар, билікті бере қоймас, мұрагер оқуын бітіргенше баяғы Сығай атам сияқты уақытша билікті маған бере салуы да мүмкін-ау, ар жағын көре жатамыз ғой, ойлану керек екен, ойлан, Баймағамбет, ойлан, бұл қатын тұрғанда Махамбет оңайлықпен алдырмайтын сияқты (Фатима мен Махамбет келеді).

ФАТИМА: Жаулассақ та, даулассақ та бәріміз де бір алланың құлымыз, алдымызда не бар екенін сол бір алланың өзі біледі, хәл-күйіңіз қалай, батыр?

МАХАМБЕТ: Исатайдан айырылып жетім қалып, ұшарымды жел, қонарымды сай білетін менің не хәлімді сұрайсыз, ханым?

ФАТИМА: (қолын жайып, бәрі де қол жаяды) Батыр қайнағаның жатқан топырағы торқа болсын, (беттерін сипайды) неге жетім боласыз, еркіндейтін еліңіз, құрметтейтін халқыңыз бар емес пе?

МАХАМБЕТ: Хан-сұлтандар құрымай тұрғанда ерікті ел,

еркіндейтін ер бола қояр ма екен, алдым өрт, артым жар емес пе? (Баймағамбетті көрсетіп) мынаған айтар сөзім жоқ, өзіңе айтар аздап сауалым бар, соған құлақ сал, ханым!

ФАТИМА: Айтыңыз, батыр, айтыңыз...

МАХАМБЕТ: Өз басым сауал сұрамаймын, сауал сұрап аяғыңа бас ұрмаймын, ханнан ала алмағанымды жесір тұл қатыннан (Фатима дір ете түседі) аламын деп тағы ойламаймын, бірақ, хан өліп, таққа қатын болсаң да өзге емес, әзірше өзің ие болып отырсың, бай таптың бойың жібіді, бала таптың төсің иіді, ана болдың көңілің жібіді, тас бауыр қатыгездіктен қайырымдылыққа ауыстың, сол қайырымдылығыңнан үміт етіп айтамын,

БАЙМАҒАМБЕТ: Әй, Махамбет, хан тағында отырған ханымды басы байлы қатыныңдай қатын деп неге балағаттайсың, ол қара қазақтың салпы етек, бит кіндік жаман қатыны емес, халық қарап бағынып отырған ханым ғой, көзіңді ашып қара, шаңыраққа қара.

МАХАМБЕТ: (шаңыраққа қарап) О, қара шаңырақ, бірақ сенде үн де жоқ, тіл де жоқ, баяғы күйің бір күйің, хан отырса да, қара отырса да өзгермейсің, сенде жазық жоқ, түбінде хан тұқымына емес, қара халыққа шаңырақ болатыныңды ұмытпа! (Баймағамбетке қарап) иә, Баймағамбет, сенің айтуың дұрыс, Фатима қатын емес, осы босағаның асыранды итіндей болып жүретін сен қатын, өйткені сен Айшуақтың көп қатындарының бірі, жаңағы өзің айтқан салпы етек, бит кіндік қатынынан туғансың. (Баймағамбет үндей алмайды)

ФАТИМА: Құлағым сізде, батыр, айта беріңіз.

МАХАМБЕТ: Қара басыңның елде бес бересің, алты аласың жоқ қой, ханым!

ФАТИМА: Болған емес, болмайды да.

МАХАМБЕТ: Олай болса, бұдан былай қара халықты қудалама, тықсырма, жетім-жесірін зарлатып, жылатпа, қоныстан қуылып, елден кеткендерді өз жұртына қайтар, Исатай аруағын тебірентіп, сүйегіне тіл тигізбе, сенің бір ауыз сөзіңді тыңдаймын деп қапыда қалған жоқ па, қарымын қайтар!

ФАТИМА: (Баймағамбетке қарап) Бұған да құлақ асуға

болады, батыр!

МАХАМБЕТ: Арғы жағын білгің келсе бізді бүлдірген Жәңгір емес, қайынатасы, саудагер сарт Қарауылқожаның салған әлегі, оны өзің де білесің, ханның қай жерден сыр алдырғанын білмеймін, соңғы кезде билік түгелдей сол саудагер сарттың қолына көшті, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды, ел шабылды, қоныс тарылды, шұрайлы жердің бәрін өзі сияқты келімсектерге, келді – кеттілерге сатты, қонышына дейін алтын-күміске толтырды, әй дейтін әже, қой дейтін қожа болмады, ойына не келсе соны істеді, ақыры келіп кесірі ханға тиді, арты қан төгіске айналды, қолыңнан келсе алдымен елден соларды тайдыр, келмесе билікке араластырма, сосын амалсыздан кетеді, тізгінді түгелдей өз қолыңа ал.

ФАТИМА: Ойланып көрейін.

МАХАМБЕТ: Арамға қол салма, ортадан пар алма, құдайдың елден жинап берген дәулеті жетеді, ханды құртқан, елді жұтқан сол пара болатын, пара жүрген жерде елдік болмайды, елдік болмаған жерде теңдік болмайды, құдайдың да, халықтың да қарғысына қаласың, осыған сақ бол.

ФАТИМА: Мұны да ойланып көрейін.

МАХАМБЕТ: Ойланып көрейін деген былқыл-сылқылынды көрсетпе, турасын айт!

ФАТИМА: Қалай былқылдамайын, ханым емес, тұл қатынды кім тыңдайды, кім қолдайды, (Махамбет жалт қарайды) батыр, менің де саған қояр сауалым бар, тыңдағыңыз келсе...

МАХАМБЕТ: Айтыңыз, ханым!

ФАТИМА: Еңсесі биік ақ орда, еріксіз кірсем деуші едінің, міне, шақыртпай, қудырмай, еркіндеп келіп тұрсыз, төрде отырған ханымын қатын етсем деуші едінің, ханым емес, тұл қатынға келіп тұрсыз, бүйтіп қорлап, өшпес таңба салғанша сұлатып салып қатын еткеніңіз жақсы еді, жанымды жаралап, көңілімді қаралағандай не жазығым бар еді, (Махамбет төмен қарап қалады) айыбым ханның жесірі болғаным ба?

МАХАМБЕТ: Ашу алда, ақыл артта деген, кешіріңіз ханым, айыбым мойнымда (басын иеді).

ФАТИМА: Кештім, батыр, тағы қандай сауалыңыз бар?

МАХАМБЕТ: Басқа сауалым жоқ, (Баймағамбетке қарап) ал, сұлтаным, басқа жерде сенімен әңгіме басқаша болады.

БАЙМАҒАМБЕТ: (жуасып) Махамбет, өткен өрел, қалған салауат деген бар емес пе, жауласқан ханың өлді, сонда да жаулығың бітпей жүр ме?

МАХАМБЕТ: Әй, Баймағамбет, мені Жәңгірмен жауласты деп кім айтады, әлде өзің солай ойлайсың ба, онда қателесесің, Жәңгірдің қара басында алты аласым, бес бересім жоқ деп айттым ғой, мен оның өзіне емес, халыққа істеген озбырлығына қарсы болдым, оны кезінде өзіне де айттым, тыңдау былай тұрсын, құйрығына да қыстырмады, хан болған соң қара бастың камын ойламай, алдымен халықтың камын ойлау керек, олай болмаған күнде ханы да, хандығы да құрып қалсын! (кетеді)

БАЙМАҒАМБЕТ: Уһ! (демін алып, есікке барып қарап) кетті ме, әйтуір, бейқамбыз, ханым бейқамбыз, Махамбеттің бұл төңіректе жүргенін қалай білмегенбіз?

ФАТИМА: Бейқам болмағанда не істейін деп едіңіз? Сыртынан тыңшы қойдым дегеніңіз қайда?

БАЙМАҒАМБЕТ: Менің тыңшыларымнан Махамбеттің бұқпантайлары басым түсті-ау.

ФАТИМА: Оған күдігім жоқ, Махамбетті елі қорғайды, жері қорғайды, сіздің не істеп жатқаныңызды осы жердің жусанына дейін оған хабарлап тұрады, сіздің тыңшыларыңыз ас ішіп, аяқ босатар салпаң құлақ, борпаяқтар.

БАЙМАҒАМБЕТ: Айта көрмеңіз, ханым, жалпы сақтық керек екен.

ФАТИМА: Қай жағынан?

БАЙМАҒАМБЕТ: Жаңа Махамбет келді де бізді өлтіріп кетті делік, ешкім көрмейді, ешкім білмейді, сонда бізді кім өлтірді деп біледі?

ФАТИМА: Осы күнге дейін Махамбеттің кім екенін білмей жүрсіз бе?

БАЙМАҒАМБЕТ: Білгенде қайтейін, сол қаңғырда ес бар дейсіз бе, өлтіреді де кетеді.

ФАТИМА: Ерді қаңғыр деп сыртынан ғайбаттамаңыз, көзіне айтыңыз, мендей қатын емес, ер адамсыз ғой, (Баймағамбет

үндемейді) қатынмен сөз жарыстырып, тар жерде келгенге қол жұмсайтын адамың Махамбет емес, оған үйде де, түзде де табысатын достың да, дұшпанның да біздердей жарым-жарты емес, бүтіні керек, біздердей шала-шарпылармен ол шабыспайды (Баймағамбет жараптпай тұрады).

БАЙМАҒАМБЕТ: Қайда жүрсек те жасақсыз болмайды екен, енді есте болсын, құдай сақтап аман қалдық.

ФАТИМА: Сіздің шүлдіктей шошаңдаған он шақты жасағыңызға Махамбет алдырады деп ойлайсыз ба? Онан да осылай жүргеніңіз жақсы, елеусіздеу боласыз, жасақсыз кісіге Махамбет тиіспейді.

БАЙМАҒАМБЕТ: Тиіспесе де аман жүргеніміз жақсы ғой, жақын жерден Астраханмен хабарласып аз да болса әскер алдырып қоюдың артықшылығы болмас деймін.

ФАТИМА: Жасанып келіп жатқан жау жоқ, әскерді не деп алдырасыз, бір адамды ұстау үшін алдырасыз ба, оның қаражатын кім көтереді?

БАЙМАҒАМБЕТ: Махамбет жоғарғы жаққа да белгілі бегей емес пе, сол бұзық елді аралап патшаға қарсы қол жинап жүресің, ол бұл жаққа тегін келіп жүрген жоқ, тағы да бас көтерейін деп келіп жүр, сонысын айтамыз да, әскер алдырып, соңына түсеміз, қалай құтылар екен, жер жұтып кетпесе табамыз, сіз хандығыңызда алаңсыз отыра бересіз, сөйтіп алдын алмасақ, тағы да қапы қалып жүрерміз.

ФАТИМА: Әскер алдырсақ елді ашындырып аламыз, мұны неге ойламайсыз, ел тынышталды деп ойламаңыз, қыл үстінде қанды пышақтай қылпылдап тұр, ал ұшарын жел, қонарын сай білетін Махамбет біздерге тірілей ұстатпайды, оған шалабымызды шайқамай-ақ қоялық.

БАЙМАҒАМБЕТ: Махамбеттің манағы сауалдарына қалай қарайсыз?

ФАТИМА: Қолымнан келгенше оңынан қараймын (Баймағамбет ыңғайсызданып қалады, шабарман келіп Фатимаға пакет беріп кетеді).

БАЙМАҒАМБЕТ: (қуанып) Орынбордан ба?

ФАТИМА: (пакеттің сыртына қарап) Иә, генерал-

губернатордан...

БАЙМАҒАМБЕТ: Иә, құдайым бере гөр! (Фатима қолы дірілдеп пакетті ашып оқиды да орындыққа сылқ етіп отыра кетеді) не депті?

ФАТИМА: (біраз отырып, есін жинап) Хан болмайды, хандық таратылды... Махамбеттің дегені болды!.. (бұлар бір-біріне қарап тұрып қалады, өлі сахна).